

УДК 37.034

А.У.Кусаинова

Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)

E-mail: Aiymgul_k@mail.ru

Өзін-өзі тану сабақтарында оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы

Аңдатпа. Мақала өзін-өзі тану пәні арқылы оқушылардың бойына рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, ұлттық тәрбиенің мәнін толықтай түсінуге мүмкіндік береді. Оқытудың жаңашыл әдістерінің бірі ассоциация іс-әрекеті туралы сөз қозғалады.

Түйін сөздер: ассоциация, ойындар, ізгілік, ізгілікті қарым-қатынас, адамгершілік.

«Адам – тұтас әлем және бүкіл әлемді танығың келсе алдымен өзіңді танып біл».

Абай Құнанбаев

Рухани-адамгершілік тәрбие мәселесінің өзектілігі адамның заманауи әлемде өмір сүріп, дамуымен байланысты. Бүгінгі таңда өркендеп жатқан еліміз адамға жағымды және жағымсыз мінезді көптеген әр түрлі ықпал ететін жағдайлармен қоршалған (бірінші кезекше бұқаралық ақпарат құралдары, қоршаған ортаның ұйымдастырылмаған оқиғалары). Олар жас адамның қартаймаған санасы мен сезіміне, оның қалыптасып келе жатқан өнегелік ортасына шабуыл жасайды. Заманауи мәдениет пен білімнің өткір мәселелерінің бірі өскелең ұрпақтарды адамның рухани мәдениетінің үздік құндылықтары мен жетістіктеріне араластыру.

Адамгершілік деген не? Бұл жүріс-тұрыстың, мінез-құлықтың қағидалары мен нормалары, әрекеттердің себептері. Заманауи педагогикалық әдебиеттерде адамгершілік адамның жалпы мәдениетінің, адамгершілігінің, жалпы адамзаттық құндылықтардан бұлжымастығының, адам басшылыққа алатын ішкі және сыртқы қасиеттерінің көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Адамгершілік - адамға қойылатын басты талап – асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, ұлағатты азамат болып шығу. Өйткені адам – өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты. Халқымыз қайырымды, мейірімді жанды «адамгершілігі мол адам» деп дәріптеген. Қайырымды, мейірімді жан – өзгелерді, басқа адамдарды ойлап, соларға қол ұшын беруші жан [1, 67 б.].

Рухани түсінігі нені білдіреді? Бұл тұлғаның таңдаулы мақсаттарға ұмтылысы, сананың құндылық сипаты; ең алдымен өзін-өзін жетілдіру, өзін бағалау жолдарын іздеп әлемді тануға ұмтылыстың айқын көрінісі; «тұрмыстың мәңгілік сұрақтарына», әлемнің құрылысы, шынайылық, жақсы мен жаман туралық сұрақтардың жауабын табуға ұмтылысы. Педагогика саласында рухани түсінігі бейматериалдық, адамгершілік құндылықтарға негізделген адам мен адамзат өмірінің рухани-сезімталдық бөлігін, адамдардың ерекше ойлауы мен тіршілігін білдіреді.

Адамгершілік тәрбие – бала біртұтас тұлғасының қалыптасуы мен дамуына бағытталған үдеріс. Ол Отанына деген, қоғамға, ұжымға, адамдарға, еңбекке, өзінің міндеттеріне және өзіне деген сүйіспеншілікті білдіреді. Адамгершілік тәрбиенің басты міндеті мұғалімдерге қажетті әлеуметтік талаптарды баланың борыш, абырой, намыс, ұят сынды ішкі ынталарына айналдыру.

Рухани-адамгершілік тәрбие – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды [2, 25 б.].

«Өзін - өзі тану» – баға жетпес рухани байлықтан тұратын бірегей мағына. Бұл байлыққа араласа отыра адам рухани-адамгершілік жағынан бай, бақытты және көңілді, қайырымды және дана бола бастайды. Бағдарламаның негізі – балалардың жеке ерекшеліктерін есепке ала отыра, олардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту. Мұндай жоба әлемдік тәжірибеде жоқ. Ол балаларды құндылықтарға, конструктивті байланыс дағдыларын қалыптастыруға, бойындағы жеке мүмкіндіктерін ашуға, көпжақты әлемде адамзаттық өзара байланыстың арасында өзін табуға, жеке тағдырын табысты құруға бағытталған.

Өзін-өзі тану сабақтарында мұғалім балаларға сыртынан өзіне бөгде адам ретінде қарауға мүмкіндік береді. Әдетте басқалардың бойындағы кемшіліктер, әлсіздіктер, сөздерінің әрекеттерімен сай еместігі бірден көрінеді. Бұл тәсіл өзін-өзі тануға өте пайдалы. Адамның өзін-өзі тануы өзге адамның табиғатында зерделену ғана емес, өзіңді зерделеу. Басқа адамдардың кейбір қасиеттері, мінез-құлқы жағымсыз, тіпті жиіркенішті болып келеді, ал өзімізде бұл кешірімді және жарамды деп есептейміз. Тек өзімізден алшақтап, басқа жақтан қараған кезде ғана мінезіміз бен мінез-құлқымыздың жарамсыз екенін көріп, анықтауға болады. Өзін-өзі тану сабағында өмірден алынған оқиғаларды талдау, ойын арқылы өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсету, әйгілі философ, жазушы ғалымдардың нақыл сөздерінен өнеге алу, әлемді және өзін тануға ықпал ететін диалог жүргізеді.

«Өзін-өзі тану» пәні білім берудің басымдықтары – рухани-адамгершілік білімді іске асыруға, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениетті үйретуге ықпал етеді. Бала әртүрлі мәселелерді адамгершілік нормаға сәйкес конструктивті шешуге үйренеді. Өзіне, адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасау, көмек беру, қамқорлық жасауға баулиды. Жасампаздық белсенділік, азаматтық және отансүйгіштікке тәрбиелейді.

«Өзін-өзі тану» пәнін оқыту арқылы мектептегі басқа пәндердің әлеуетін күшейтеміз. Әрбір оқушының өзін-өзі тануы жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға ықпалы зор.

«Өзін-өзі тану» пәні бүгінгі заман талабынан туындап отыр. Қазіргі кезеңнің ең басты қажеттілігі адамдар арасындағы сыйластық, бірін-бірі қадірлеу, бірін-бірі құрметтей білу мен бағалай алуы, яғни адамдардың өзін-өзі, қоршаған ортаны, әлемді тани білуі.

Өзін-өзі танудың басты ойы: «Әлемге ашыл, сол кезде әлем саған ашылады». Өзін-өзі тану қайта өзгерудің кілті. Руханият «Өзін өзі тану» пәнінің негізін құрап, зияткерлік, әсемдік, әдеп сияқты негізгі үш өлшемнің бірігуінде көрсетіледі.

Сабақтар адамзаттың үздік рухани байлықтарының үлгілеріне сүйенеді. Оларды көбінесе халық даналығының сабағы деп атайды. Оқушылар өздерінің ішкі дүниелерін талдап, әрекеттерін бағалайды, өзінің «мен» шегінен шығу жолдарын іздейді, өздерінің ойларын, сөздерін, әрекеттерін талдап, ойланады. Сонымен қатар, оқушылар өздерінің тұлғаларына шығармашылық жағынан қарайды: мұндай сабақтар өзіндік даму мен тану мақсатында өзі туралы шынайы білім алуға бағытталған. Соңында оқушылар жақсылық, әдемілік, еркіндік, өмірдің мәні, шынайылық, адамның өзіндік құндылығы, лайықты өмір сүру, жалпы адамгершілік сияқты адами құндылықтарды алады.

«Өзін-өзі тану сабағының» ерекшелігі сабақта адамзаттық қарым-қатынас әлемі зерттелетін тренингтер мен әлеуметтік-рөлдік ойындар, пікір-сайыс, ойлану-сабақтары, театрландырылған сабақтар, шығармашылық сабақтар, конкурс-сабақтар арқылы мұғаліммен ашық диалог жүргізіледі. Осы кезде, өмірлік бақылаулармен бөлісу, Отанымызға, қоғамға тәжірибелік түрде қызмет ету дағдылары дамиды. Адамзат баласының ғасырлар бойы жинақтаған адами асыл қасиеттерді жас ұрпақтардың бойына сіңіру, ата салт пен ұлттық ұлы дәстүрлеріміздің жиынтық тәрбиесін тамырына тағылым етіп дарыту – өзін-өзі тану сабағының ерекшелігі болып келеді [3, 24 б.].

«Өзін-өзі тану» сабағы санқилы ұжымдық әрекеттер мен қуанудың орны, қалайша Адам болу керек сынды қарапайым шындыққа үйретеді.

«Өзін-өзі тану» сабағының негізгі мақсаты – адамның қоршаған ортаны біліп, өзінің ішкі жан дүниесіне үңіліп, өзін-өзі басқару негізінде адамгершілік-рухани әлеуетті көтеру. Сол себепті қазіргі ұрпақ тәрбиесіндегі басты мәселе тұлғаны адамгершілік-рухани тұрғыдан дамыту, ар-ұятымызды молайтып, адамгершілік қасиеттерімізді жетілдіру арқылы ізгілікке, инабаттылыққа, парасаттылыққа үйрету.

Сабақта адамгершілік өзара қарым-қатынас тәжірибесінің жинақталуы жүргізіледі. Менің сабақтарымның тәжірибелік негізі тарихи және тұрмыстық әңгімелер, уағыздар, ертегілер, өсиет әңгімелер, өлеңдер болып келеді. «Өзін-өзі тану» сабағында мәселелер мен қызықты метариалдармен қамтылған өнеге тақырыбы бойынша жинақталған дидактикалық материалды қолданамын. Осының арқасында оқушылар бірін-бірі жақсы түсінуге үйренеді, мейірбандық, шынайылық, әдемілік, руханият сынды жалпы адамзаттық құндылықтарға қол жеткізу арқылы өнегелік мінез-құлық қалыптасады.

«Өзін-өзі тану» сабағының міндетті элементі оқушының жеке тәжірибесіне сүйену, өмірлік оқиғаларды құрастыру арқылы талқыланып отырған тақырып бойынша өздерінің ойын білдіру болып табылады. Себебі, тәжірибелік жұмыста балалардың адамгершілік ұғымы мен түсініктері анықталып, бекітіледі. Жеке-дамыту жағдайларын қолдана отыра, нақтырақ айтсақ мәселелі, болжамдық, құрылымдық, бағалайтын, талдамалы, репродуктивті:

– Мәселелі – мәселені шешу үшін жаңа білімді іздестіру кезінде;
– Болжамдық – өз әрекетінің нәтижесін болжамдау икемін дамытуға бағытталған (өзінікі немесе біреудікі);

– Құрылымдық – берілген жағдайда жүріс-тұрысын жобалауды ұйғару;

– Бағалау – бағалау дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған;

– Талдамалы – қатысушылардың дұрыс және қате әрекеттерін талдау үшін қолданылады;

– Репродуктивті – жүріс-тұрыс тәжірибесін сөзбен немесе тәжірибемен көрсетуді ұйғарады.

Өмірлік құндылықтарын, оқушылардың адамгершілік ұғымдарын тәрбиелеу біздің ықпалымызға ғана байланысты емес. Ол ақырындап қалыптасып, мұғалімнің сабақта қандай оқыту материалын қолданатынына және қалай оны ұсынатынына байланысты.

Менің өзін-өзі тану сабақтарымда оқушыларды белсенді құнды әрекеттерге ынталандыратын ойындар орын алады.

Ойын – дайын мәтін бойынша драмалау. Ол қысқа, жарқын, негізгі ойды ұстанатын болуы керек. Мысалы, «Ықыластық деген не?» тақырыбына әңгімелесу барысында А. Барто «Қолғабымды ұмыттым» өлеңі бойынша драмалау ойынын өткізуге болады. Дауыс ырғағы, мимика, мейірбан және сараң қыздардың қарама-қарсы образдарының жақсы орындалуы осы өлеңнің ойын терең эмоционалды қабылдауына ықпал етеді.

«Адам – күн» ассоциация ойыны. Адамның дене бітімінің үлкен суретін саламын. Ол туралы не айтуға болады деп сұраймын. Ештеңе. Сұрақты қайта қоямын. Ол тәрбиелі, қоршаған ортаға жағымды деп айтуға бола ма? Жоқ. Балаларға осындай қасиеттері бар адамды марапаттауды ұсынамын. Жауаптардың берілуі шамасында (мейірбан, шыдамды, жарқын) ойын адамының жан жағында күн сәулелерін бейнелеймін. Күннің әрбір сәулесіне жағымды қасиет жазылады. Осылайша, балаларды мәдениетті адам күн секілді, жанындағы адамдарды жылытып, күлімдейді деген ойға әкелемін.

«Түс ассоциациясы» тәсілі. Ассоциациялық түспен қабылдау ассоциациясы арқылы адамның жағымды және жағымсыз қасиеттерін терең меңгеруге мүмкіндік береді. Балалар адамды кемпірқосақ түстерімен бояу секілді тапсырма алады. Қарапайымдылық үшін қандай түс таңдадыңдар? Неге? (мактаншақтық, сабырлық, әдептілік үшін және т.б.) осы ойында ең бастысы нақты ассоциацияны таңдап, оны түсіндіре білу.

Тарихты (уағыздарды, ертегілерді, өлеңдерді айтып, талқылау) әңгімелеу оқу үдерісінің нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді. Ересек адамдар мен балалардың осылайша әңгімелесуін қазақтың ұлы ағартушысы Ы. Алтынсарин да атап өткен.

Сабақта алған және жеке өмірлік бақылауындағы өнегелік нормалардың шашыраңқы болмауы үшін, этикалық әңгіме, ертегілер формасында алған білімдердің жинақталуымен байланысты арнайы жұмыс жүргіземін. Өнегелік қасиеттерді тәрбиелеуде мақалаларды, әңгімелерді, өлеңдерді, ертегілерді оқып, талдау, бір-біріне түрлі сұрақтар қою үлкен рөл атқарады. Сабақ барысында балалар тапсырмаларды ойлап тауып, сөйлемдер, мәтіндер құрастырып, өзара түрлі сұрақтар қояды. Сонымен қатар сабақтарда топтық жұмысты қолданамын. Көп жағдайларда балаларға орындау барысында қасындағы досының көмегіне жүгінуін қажет ететін тапсырмаларды беремін.

Осы мониторингтің нәтижесі оқушылардың өзгеру динамикасын бақылауға және адамгершілік тәрбие бойынша жұмысты түзету мүмкіндігін аламын.

Өзін-өзі тану сабақтары мұғалімге оқытудың интербелсенді әдістемелерін қолдану мүмкіндігін береді. Олар мұғалімге оқушыны тіршілігіміздің мәңгі құндылықтарын, ақиқатты танып білуге көмектеседі. Өзімнің сабақтарымда «Илеу» – жұппен жұмыс, «Шығармашылық зертхана» – топпен жұмыс, «Жобаларды таныстыру» – шығармашылық жұмыс, «Дискуссия», «Өзіммен оңаша» өзіндік жұмыс, «Аудио және видеоспектрлері» топтың релаксациясы секілді жұмыс формаларын жиі қолданамын. Оқушылардың алған білімдерінің мониторингі ретінде оқушы портфолиоcы сынды форманы қолданамын. Портфолио – балаларға өзіндік талдау жүргізуге, өзін ұғынуға, өзінің «Мен» түсінігін ашуға көмектессе, ал мұғалім баланың рухани-адамгершілік өсімін көру мүмкіндігін алады.

«Өзін-өзі тану» – баға жетпес рухани байлықтан тұратын бірегей мағына. Бұл байлыққа араласа отыра, адам рухани-адамгершілік жағынан бай, бақытты және көңілді, қайырымды және дана бола бастайды. Бағдарламаның негізі – балалардың жеке ерекшеліктерін есепке ала отыра, олардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту. Еліміздің кәсіби педагогикалық қоғамдастығының алдына атқарымдық дайындық концепциясынан үйлесімді тұлғаны дамыту концепциясына ауысу мәселесі қойылды.

С.А. Назарбаевтың айтуынша: «Балалар, олардың бүгінгі мен ертеңі – біздің ортақ қамқорлығымыз. Барлығымыз бірге және әрқайсымыз бөлек ұлдарымыз бен қыздарымыздың болашақта қандай таңдау жасайтынына жауаптымыз. Олар жақсы жолмен жүріп, адамдарға пайда әкеле ме? Әлсіздерге көмек көрсетіп, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүре ме? Қалыптастырып, жарата ма әлде қирату жолында тұра ма? Олардың дұрыс таңдау жасауына өзін-өзі тану, мейірімділік сабақтары көмектеседі» [4, 18 б.].

Руханият «Өзін өзі тану» пәнінің негізін құрап, зияткерлік, әсемдік, әдеп сияқты негізгі үш өлшемнің бірігуінде көрсетіледі.

Сабақтар адамзаттың үздік рухани байлықтарының үлгілеріне сүйенеді. Оларды көбінесе халық даналығының сабағы деп атайды. Оқушылар өздерінің ішкі дүниелерін талдап, әрекеттерін бағалайды, өзінің «мен» шегінен шығу жолдарын іздейді, өздерінің ойларын, сөздерін, әрекеттерін талдап, ойланады. Сонымен қатар, оқушылар өздерінің тұлғаларына шығармашылық жағынан қарайды: мұндай сабақтар өзіндік даму мен тану мақсатында өзі туралы шынайы білім алуға бағытталған. Соңында оқушылар жақсылық, әдемілік, еркіндік, өмірдің мәні, шынайылық, адамның өзіндік құндылығы, лайықты өмір сүру, жалпы өнегелік сияқты адами құндылықтарды алады.

«Өзін-өзі тану сабағының» ерекшелігі сабақта адамзаттық қарым-қатынас әлемі зерттелетін тренингтер мен әлеуметтік-рөлдік ойындар арқылы мұғаліммен ашық диалог жүргізіледі. Осы кезде, өмірлік бақылаулармен бөлісу, Отанымызға, қоғамға тәжірибелік түрде қызмет ету дағдылары дамиды.

Осылайша, үнемі өзгеріп тұратын дүниенің шарттарында «өзін-өзі тану» сабақтары әрбір қазақстандық оқушыға өмірлік және білім алу табысты траекториясын анықтап, іске асыру үшін жүріс-тұрыс стратегияларының кең диапазоны мен нақты бағыттарын меңгеруге көмектеседі.

Қорытындылай келе, С.А. Назарбаеваның сөзімен айтқым келеді: «Балалар, олардың бүгінгі мен ертеңі – біздің ортақ қамқорлығымыз. Барлығымыз бірге және әрқайсымыз бөлек ұлдарымыз бен қыздарымыздың болашақта қандай таңдау жасайтынына жауаптымыз. Олар жақсы жолмен жүріп, адамдарға пайда әкеле ме?, әлсіздерге көмек көрсетіп, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүре ме? Қалыптастырып, жарата ма әлде қирату жолында тұра ма? Олардың дұрыс таңдау жасауына өзін-өзі тану, мейірімділік сабақтары көмектеседі».

Қай қоғамда, қай мемлекетте болмасын, қарым-қатынас адами құндылықтар, оның ішінде адамгершілік құндылықтар қалыптастыру кез-келген білім ордасының міндеті болса, әрбір жеке тұлғаның өзін тануына, басқаны тануына және болашақ дамуына «Өзін-өзі тану» пәні зор ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бабанский Ю.К. Педагогика. Лекциялар курсы. – М.: Ағарту, 1983.
- 2 Сухомлинский В.А. Таңдалмалы педагогикалық шығармалар. – М: 1980.
- 3 Дереклеева Н. И. Сынып жетекшісінің анықтамалығы. – М.: ВАКО, 2005.
- 4 Бекарыстанова Н. Өзін-өзі тану пәні бойынша рухани-адамгершілік білім беру. // Самопознание.kz. 2014. – № 6. – 46 б.

PEFERECES

- 1 Babanskiy Y.K. Pedagogy. A course of lectures. – M.: Education, 1983.
- 2 Tadulala V.A. Sukhomlinsky's pedagogical works. – M: 1980.
- 3 Derelieva N.I. Handbook of the class teacher. – M.: VAKO, 2005.
- 4 Securitynow N. Thursday the subject "self-knowledge" for the moral and spiritual education. // Samopoznanie.kz. 2014. – № 6. – 46 b.

РЕЗЮМЕ

А.У. Кусаинова

Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар).

Формирование духовно-нравственных ценностей на уроках самопознания

В статье рассматривается формирование духовно-нравственных ценностей у учащихся на уроках самопознания. В этой статье также предоставлена современная методика обучения как ассоциация.

Ключевые слова: ассоциация, игры, доброжелательное отношение, гуманизм, нравственный.

RESUME

A.U. Kussainova

Innovative University of Eurasia (Pavlodar).

Formation of spiritual and moral values in the lessons of self-knowledge

The article considers the formation of spiritual and moral values among students in the self-knowledge lessons. This article also provides a modern teaching method such as an association.

Keywords: association, games, benevolence, humanism, moral.